

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Тарбағатай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Тарбағатайское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Восточно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ KZ76VWF00204333
Дата: 16.08.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Қ. Сәтпаев атындағы Шенгелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Кабанбай а.о., Шенгелді а., Д.Қонаев көшесі з.м. 34.

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 31.07.2024 18:22:09 № KZ42RYS00724690

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Қ.Сәтпаев атындағы Шенгелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БИН: 030640004465 тел: 8-723-44-28-239, E-mail: ksatpaev1976@mail.ru, директор Құдайбергенова Бакытгүль Кансабековна.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Білім беру, мектепке дейінгі білім беру, тамақтануды ұйымдастыру.
сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) Білім беру және тәрбиелеу объектілері, білім алушылар мен тәрбиеленушілер тұратын орындар

4. Жобалар, материал әзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) қажет етпейді

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) 31.07.2024ж № KZ42RYS00724690 өтініш 1. №26, 09.04.2024 ж. Суды микробиологиялық зерттеу хаттамалары 2. №22, 05.04.2024 ж. орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеулер хаттамалары 3.№23, 05.04.2024 ж. Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы 4. №20, 05.04. 2024 ж. Жарықты өлшеу хаттамасы 5. №8, 05.04.2024 ж. Шу, дыбыс деңгейлерінің оқшаулануының өлшеу хаттамасы 6.№2,05.04.2024 ж. Электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы ҚР ДСМ БСЭК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ШҚО бойынша филиалының Тарбағатай аудандық бөлімшесімен берілген.

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) қажет етпейді

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации (если имеются) қажет етпейді

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)



8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Қ. Сәтпаев атындағы Шеңгелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Тарбағатай ауданы, Кabanбай ауылдық округі, Шеңгелді ауылы, Д.Қонаев көшесі ғим. № 34, БИН: 030640004465 тел: 8-723-44-28-239, E-mail: ksatraev1976@mail.ru, директор Кудайбергенова Бакытгуль Кансабековна.

Мектеп 2023 жылы салынған, бір қабатты типтік жобамен салынған ғимаратта орналасқан, құрылыс ауданы- 1200,18 жалпы ауданы 1001,97 ш.м. Жобаның қуаты 100 орынға жоспарланған, оқытылатын бала саны - 48, екі ауысымда оқытылады.

Объектінің учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, апаратын жолдар асфальтпен және тазалауға қолжетімді тастармен жабылған. Объектілердің аумағы барлық жағынан темір торлы қоршаумен қоршалған. Қатты және тұрмыстық қалдықтарға арналған үш жағынан қоршалған тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, қатты жабыны бар алаң қарастырылған. Алаңда қақпағы тығыз жабылатын қатты және тұрмыстық қалдыққа арналған 1 контейнер қарастырылған.

Мектептің аумағында білім беру процесімен функционалдық байланысы жоқ ғимараттар, құрылыстар мен құрылыс жайлар орналастырмаған.

Ауыз сумен қамтамасыз етілуі - суық су жүйесі жергілікті. Ыстық су жүйесі болмағандықтан су жылытқыш қазандықтармен қамтамасыз етілген. Ыстық және суық су әртүрлі мақсаттағы үй - жайларда, оның ішінде санитариялық тораптарға, душқа, түстену залдарына, медициналық мақсаттағы үй-жайларға, сондай-ақ ас блогындағы өндірістік үй-жайлардағы раковиналарға жүргізілген. Раковиналар қол кептіруге арналған құралдармен жабдықталған. Мектепте ауыз су режимі ұйымдастырылған (су бұрқақ). Қайнатылған су арнайы ыдыстарға құйылып, асхана ішіне қойылған, әр үш сағат сайын ауыстырылып тұрады. Балалардың мектепте болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімділігі қамтамасыз етілген. 2024 жылдың 9 сәуірдегі № 26 суды микробиологиялық зерттеуге алған және 2024 жылдың 5 сәуірдегі № 22, мектеп крандарынан, асханадан және санитарлық - химиялық көрсеткіштерге судың қортындысы санитариялық қағидалар талаптарына сай ҚР ДСМ БСЭК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ШҚО бойынша филиалының Тарбағатай аудандық бөлімшесімен берілген хаттамалар негізінде, судың қортындысы санитариялық қағидалар талаптарына сай.

Кәріз жүйесі - жергілікті кәріз жүйесі толуына байланысты шығарылып отырады. ИП «АСҚАРБЕК» 2024 жылғы 06 маусымдағы № 62 мектеп басшылығымен келсімшартқа отырған.

Жылу жүйесі- электірлі теплофон арқылы жылытылады. 2024 жылдың 5 сәуіріндегі № 23 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы негізінде ауа температурасы "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына сәйкес келеді. Мектеп үй-жайларында табиғи және жасанды жарықтандыру бар. Жасанды жарық- диодты шамдармен жарақталған, ақаусыз күйде. Жарық көздерінде реттелетін күн сәулесінен қорғайтын құрылғылармен қамтамасыз етілген. Мектеп аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру жабдықталған, барлығы жұмыс істеп тұр. Оқу үй-жайларындағы жиһаз сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіле отырып, орнатылған. 2024 жылдың 5 сәуірдегі ҚР ДСМ БСЭК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ШҚО бойынша филиалының Тарбағатай аудандық бөлімшесімен берілген № 20 жарықты өлшеу хаттамасы негізінде жарықты өлшеу деңгейі санитариялық қағидалар талаптарына сай келеді. Мектеп желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдықталған. Желдету және ауа баптау жүйелерін пайдалану кезінде "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығының талаптары сақталады. Желдету үшін ашылатын терезелерге, желкөздерге жылдың жылы мезгілінде жәндіктердің кіруінен қорғайтын алмалы-салмалы торлар орнатылған.

Мектеп бойынша барлығы - 11 оқу сыныптары бар. Мектеп келесідей үй-жайлармен қамтамасыз етілген: Бір шағын орталық «Балдәурен» 74 м2., асхана - 74,16 м2, Дәліз -157,38 м2, мұғалімдер отыратын бөлме- 26,43 м2, физика-химия кабинеті -26,87 м2, физика-химия зертханасы -8,6 м2., информатика кабинеті -27,87 м2., жиналыс залы - 54,78 м2, география кабинеті - 26,87 м2., математика кабинеті - 26,87 м2., қазақ тілі кабинеті - 26,87 м2, бастауыш сыныптары үш кабинет жалпы ауданы - 76,61 м2., еңбек кабинеті -27, 39 м2., медициналық кабинет -20,66 м2., ұйымдастыру бөлмесі -18,0 м2., директор кабинеті - 20, 18 м2., кітапхана -21, 61 м2, киім шешіну орыны - 13,1 м2, санитарлық торап саны төртеу жалпы ауданы - 33,96 м2, душ 2 жалпы ауданы - 3,96 м2, кір жуу орыны - 4,2 м2. Әрбір ауысымда 1 білім алушыға шаққандағы аудан нормалары санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес сақталған (нормада 2,5 м 2).

Спорт зал мектептің басты ғимаратына жапсарлас орналасқан, темір конструкциялы ауданы 227,37 м2.



Спорт залының жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және торлармен жабылған. Терезелерде және жарықтандыру аспаптарында қоршау құрылғылары көзделген. Спорт залда арнайы киім шешетін қыздар мен ұлдарға бөлінген екі бөлме және ұл-қыздарға арналған душ қарастырылған, олар киімге арналған шкафтармен және ілгіштермен, орындықтармен жабдықталған. Спорт залда қол жуатын раковиналар, унитаздармен жабдықталған. Қолды жууға және кептіруге арналған құралдар, қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар орнатылған. Спорттық төсеніштері мен снарядтардың жабыны (қаптамасы) ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретіндей бүтін. Едендер ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға ыңғайландырып жасалған, арнайы жабынмен жабылған.

Информатики кабинеті- ауданы 27,87 м²., Компьютерлер саны - 13 (ноутбук) 2 дербес компьютер , жиһазы арнайы. 1 балаға шаққандағы кабинет ауданы СҚ талаптарына сай келеді -4,7 ш.м құрайды.

Компьютерлерді орнықтыру СҚ талаптарына сай келеді. 2023жылдың 22 қарашада ҚР ДСМ БСЭК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ШҚО бойынша филиалының Тарбағатай аудандық бөлімшесімен берілген №1 электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы және 2023 жылдың 24 желтоқсан шу, дыбыс деңгейлерінің оқшаулануының өлшеу №1 хаттамасы ҚР ДСМ БСЭК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ШҚО бойынша филиалының Тарбағатай аудандық бөлімшесімен берілген көрсеткіштері санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес келеді.

Физика-химия кабинеті -26,87 м². Физика-химия зертханасы -8,6 м².Тәжірибелер жүргізу үшін пайданылатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілер танбағанған, жауапты адамның бақылауымен арнайы бөлінген сейфте сақталған.

Асхана: Мектеп асханасы бірінші қабатта орналасқан. Ауданы - 74,16 м²., Қызметі - қоғамдық тамақтандыру, түрі ұйымдастырылған ұйымдардағы тамақтандыру.

Асхананың сумен қамтамасыз етілуі: Суық су жергілікті су жүйесімен қамтамасыз етілген. Ыстық су жүйесі болмағандықтан су жылытқыш қазандықтарымен қамтамасыз етілген.

Көріз жүйесі - жергілікті. Жылу жүйесі - электірлі теплофон арқылы жылытылады.

Ас-блогының жарықтандырылуы жасанды және табиғи. Жасанды жарықтандыру жарамды күйде. Жасанды жарықтандыру шамдары қапталған.

Ыстық және суық су әртүрлі мақсаттағы үй - жайларда, оның ішінде санитариялық тораптарға, жуу ванналарына, түстену залдарына сондай-ақ ас блогындағы өндірістік үй-жайлардағы раковиналарға жүргізілген. Ас блогының құрамына келесі бөлмелер кіреді: ыстық тамақ әзірлейтін бөлме - 19,41 м², ас ішетін бөлме 54,75 м², қойма - 5,6 м². Асхана қызметкерлері 1 аспашы, 1 аспазшы көмекшісі. Асхана келесідей жабдықталған: 1 төрт камфорлы бұқтыру пеш шкафы бар плита, дайын тағамды жылытуға арналған жылу шкафы, 1 тұрмыстық тоназытқыш және 1 мұздатқышпен жабдықталған барлық жабдықтар жарамды күйде. Асхананың ішкі әрленуі жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді материал жабынымен жабдықталған. Асхана ыдыстарын жууға арналаған 2-секциялы жуу ванналары орнатылған. Тамақ дайындау орнында шикі және дайын тамақ өнімдерін бөлек өңдеуге арналған, тамақ өнімдерімен жанасуға арналған, жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді жабыны бар бөлшектеу үстелдерімен қамтамасыз етілген. Азық-түлік шикізаты және тұтынуға дайын тамақ өнімдері үшін бөлек бөлшектеу мүкәммалдары және асүй ыдыстарымен қамтамасыз етілген. Дайын және шикі өнімге арналған бөлшектеу мүкәммалы жеке өңделіп, сақталған.

Асхана санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес жылу мен ылғал бөлетін жабдықтың үстіне сору жергілікті қолшатырларын орната отырып, механикалық ынталандырумен сору - сору желдеткішімен жабдықталған.

Асхана қызметкерлері міндетті медициналық қараудан өткен және жұмысқа жіберілу рұқсаты бар. Шағын орталық - «Балдәурен» 1 топ (кіші топ) 20 - балаға арналған. Шағын орталықта келесі үй-жайлармен қамтылған: Ұйықтайтын бөлме, ойын бөлмесі, ас ішу бөлмесі, кір жуу орыны және санитарлық торап. Шағын орталықта жас ерекшелігіне байланысты топтық үй-жайларының құрамы және олардың ауданы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралыҚР ДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы және осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес келеді.

Шағын орталық үстелдер, орындықтар балалардың жас ерекшеліктеріне және бойларына қарай жабдықталған. Гигиеналық бөлмеде сүлгілерімен жеке бас гигиенасына арналған құралдарына арналған ұяшықтар, балаларға арналған унитаздар, қол жууға арналған раковиналармен жабдықталған. Топтардың үй-жайларында үстелдер, орындықтар балалардың жас ерекшеліктеріне және бойларына қарай жабдықталған.

Қабылдау және шешінетін бөлме балалардың сыртқы киімдеріне арналған жеке шкафтармен жабдықталған

Мектеп бойынша ұл және қыздарға арналған және персоналдарға, сонымен қатар шағын орталықта жалпы саны төрт дәретхана қарастылған. Қолды жуған соң кептіруге арналған құралдар, қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар орнатылған. Дәретханадағы санитарлық қондырғылар жеткілікті, санитариялық қағидалар талабына сәйкес жабдықталған.

Мектеп ғимаратында жинау мүкәммалына (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) арналған арнайы



бөлме бөлінген. Жинау мүкәммалдары таңбаланған және әр үй-жайға бөлек арналған және арнайы бөлінген орындарда сақталған. Залалсыздандыру ерітіндісін дайындайтын бөлек ыдыс қарастырылған. Жуу, зарарсыздандырғыш құралдарымен жабдықталған.

Медициналық кабинеттің мектептің ауданы - 20,66 м2. Медициналық кабинеттегі жабдықтар мен құрал-саймандар СҚ ҚР ДСМ -76 Санитариялық қағидасының 10-қосымшасына сай жабдықталған. Медициналық кабинетте қол жууға раковинасы ыстық және суық сумен тартылған, жұмыс істеп тұр. Барлық үй жайлардың төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бүлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілерінсіз үй-жайлардағы қабырғалардың, еденнің, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс. Ылғалды жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар) қабырғаларын жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға ыңғайландырылған, себезгі бөлмелер 1,5 м биіктікке қапталған. Оқу үй-жайларындағы, кабинеттердегі және рекреациялардағы едендерге линолеум төселген. Едендер ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға ыңғайландырып жасалған. Дератизациялық және дезинсекциялық жұмыстарға ҚР ДСМ БСЭК «Ұлттық сараптама орталығы» Ш ЖҚ РМК ШҚО бойынша Тарбағатай аудандық филиалымен, № 58. 2024.06.03 келсімшарты бар.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

қажет емпейді

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар басжоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

қажет емпейді

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение



Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің "Қ. Сәтпаев атындағы Шенгелді мектеп-бөбекжай-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Кабанбай а.о., Шенгелді а., Д.Қонаев көшесі 34.

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР ДСМ м.а. 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 58 бұйрығы. "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығы. "Желдету мен ауаны бантау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығы. "Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № ҚР ДСМ-79 бұйрығы. Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы. «Ауыз су және шаруашылық - тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту» туралы ҚР ДСМ 2022ж 24 қарашадағы №138 бұйрығы. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы. "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығы. "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы.

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай (соответствует)

сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына, "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 30.12.2020 жылғы №ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына, Басқарманың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша оның лауазымды тұлғаларына шағым жасалуы мүмкін, бұл ретте шағым көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі: gov.gov.kz, немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (мекен - жайы: 010000, Нұр-сұлтан Қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер Үйі, 5 кіреберіс) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен. Сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдерін, әрекетін (әрекетсіздігін) жоғары тұрған әкімшілік орган қарауы мүмкін (070003, Өскемен қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 17, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ШҚО санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, +7(7232) 76-59-87; +7 (7232) 76-75-49)), Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен лауазымды адам. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (070003, Өскемен қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 4, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша департаменті, тел: +7(7232) 76-50-29, тел: +7 (7232) 76-50-82) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы бұзылған құқықтарды, бостандықтарды және заңды мүдделерді қорғау туралы талап-арызбен сотқа. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабы 1, 3, 4, 6 тармақтарына сәйкес сіз осы әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымдануға құқылысыз. Шағымды әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган (010000, Нұр-сұлтан қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, 10 кіреберіс, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті, тел: +7(7172) 74-17-40), лауазымды адам жүргізеді. Бұл ретте, ҚР ӘРПК 92-бабының 1-тармағына сәйкес



шағым әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік актінің қабылданғаны немесе әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы Әкімшілік органға, әкімшілік актісі, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасалатын лауазымды адамға белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей беріледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.
На основании Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Тарбағатай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Тарбағатай ауданы, А.Мұхамдиев көшесі, № 1 үй

(Мемлекеттік санитариялық бас дәрігер, қолы (орынбасар))

Республиканское государственное учреждение "Тарбагатайское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Восточно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

Тарбагатайский район, улица А.Мухамдиева, дом № 1

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Мұсағалиұлы Айболат

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

